

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 2600

Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бюджетте тұратын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге ұйымдарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына мемлекеттік акциялар пакеттерін, мемлекеттік қатысу үлесін берсін және 2-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін, мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктегі мемлекеттік қатысу үлесін иелену, пайдалану және басқару құқығын берсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2015 № 105 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 қарашадағы
N 1455 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциялары берілетін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.04 N 1057, 1998.01.21 N 27, 1999.07.20 N 1012, 2001.11.15 N 1451, 2006.01.06 N 25, 2012.05.03 N 571 Қаулыларымен.

Үкімет резиденцияларының біріккен дирекциясы

оның құрамы:

Достық үйі

Алматы, Құрманғазы көшесі, 40

Ыстықкөлдегі саяжай шаруашылығы

Қырғыз Республикасы, Шолпан ата қаласы

"Арман" демалыс үйі, оның құрамында:

Қазақстан Республикасының Үкіметі ғимаратындағы N 2 асхана

Алматы, Республика алаңы, 13

"Алмалы" демалыс үйі, оның құрамында:

"Бурабай" табиғи сауықтыру кешені

Солтүстік Қазақстан облысы

Өндірістік-пайдалану кәсіпорны

Алматы, Парламент Үйі

Асхана

Алматы, Парламент Үйі

Инженерлік орталық

Алматы, Парламент Үйі

Автобаза

Алматы, Ш.Уәлиханов көшесі, 170

Демалыс үйі

Алматы, Достық даңғылы, 302 "А"

Орталық аурухана

Алматы, Панфилов көшесі, 139

Санэпидемстанция

Алматы, Фурманов көшесі, 175

Балалар комбинаты

Алматы облысы, Қарғалы поселкесі

"Қазақстан санаторийі"

Медицина Орталығының Ессентуки филиалы

Ресей Федерациясы, Ессентуки қаласы, Пятигорск көшесі, 44

Сочи қаласындағы Қазақстан Республикасының сауықтыру орындарын
салу және пайдалану жөніндегі аумақаралық дирекциясы

Ресей Федерациясы, Сочи қаласы, Бзугу көшесі, 4

Ыстықкөлдегі "Қазақстан" санаторийі

Қырғызстан Республикасы, Шолпан ата қаласы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 29 қарашадағы

N 1455 қаулысына

2-қосымша

**Акцияларының мемлекеттік пакеттерін, мемлекеттік қатысу үлесін иелену,
пайдалану және басқару құқығы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс**

Басқармасына берілетін акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестірдің тізбесі

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2015 № 105 қаулысымен .

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10 N 935, 2001.11.15 N 1451, 2004.02.16 N 178, 2005.01.26 N 64, 2006.01.06 N 25, 2008.05.29 N 519, 2009.06.23 N 975, 2012.08.04 N 1023, 03.03.2015 № 105; 24.12.2018 № 859; 30.12.2020 № 940 қаулыларымен.

"Алым" акционерлік қоғамы, оның құрамында:

Өндірістік база

Алматы, Авангард көшесі, 264

Құрылыс-монтаж басқармасы

Алматы, Лиза Чайкина көшесі, 3

N 2 автошаруашылық

Алматы, Гагарин даңғылы, 236 "б"

"Алатау" акционерлік қоғамы

Алматы облысы, Каменка селосы,

Горная көшесі, 470

"Алатау" қонақ үйі" ЖАҚ

"Күйгенжар" АҚ

"Құрылысжүйесі" АҚ

"Бурабай даму" ЖШС